

**2017-2019 жылдарға арналған
Байғанин ауданының бюджетін
бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджеттік Кодекстің 9 бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «2017-2019 жылдарға арналған Байғанин ауданының бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2017 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер	3 897 901 мың теңге;
оның ішінде:	
салықтық түсімдер	3 097 640 мың теңге;
салықтық емес түсімдер	1 660 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	700 мың теңге;
трансферттердің түсімдері	797 901 мың теңге;
2) шығындар	3 897 901 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредит беру	29 549 мың теңге;
оның ішінде:	
бюджеттік кредиттер	38 178 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу	8 629 мың теңге;
4) қаржы активтерімен жасалынатын операциялар бойынша сальдо	0 мың теңге;
оның ішінде:	
қаржы активтерін сатып алу	0 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті)	- 29 549 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	29 549 мың теңге;

2. 2017 жылға бөлінген салықтардан түскен жалпы соманы бөлу мынадай мөлшерде белгіленсін:

1) төлем көзінде кірістерге салынатын жеке табыс салығы бойынша 50 пайыз;

2) әлеуметтік салық бойынша 50 пайыз;

3. Қазақстан Республикасының «2017-2019 жылдарға арналған Республикалық бюджет туралы» Заңының 11 бабына сәйкес:

1) жалақының ең төменгі мөлшері – 24 459 теңге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл

санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш- 2 269 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 24 459 теңге мөлшерінде белгіленсін.

4. 2017 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттер түскені ескерілсін:

1) мемлекеттік қызметшілері болып табылмайтын жұмыскерлеріне, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделі бойынша еңбекақы төлеуге және олардың лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстеме ақы төлеуге – 651 683 мың теңге;

2) мемлекеттік әкімшілік қызметшілер еңбекақысының деңгейін арттыруға – 62 467 мың теңге;

3) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға – 20 318 мың теңге;

4) халықты әлеуметтік қорғауға және оған көмек көрсетуге – 4 000 мың теңге;

5) жергілікті атқарушы органдардағы агроөнеркәсіптік кешенінің бөлімшелерін күтіп ұстауға – 1 448 мың теңге;

Аталған сомаларды бөлу аудан әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.

5. 2017 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттер түскені ескерілсін:

1) алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу – 2 811 мың теңге;

2) аудандық және қалалық мамандадырылмаған балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептерінің қызметтерін қамтамасыз етуге – 41 186 мың теңге;

3) Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсетуге –13 988 мың теңге;

Аталған сомаларды бөлу аудан әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.

6. Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер – 38 178 мың теңге;

7. 2017 жылға арналған ауданның жергілікті атқарушы органының резерві – 21 884 мың теңге болып бекітілсін.

8. 2017 жылға арналған аудандық бюджетті атқару процесінде секвестрге жатпайтын аудандық бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының тізбесі 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

9. 2017 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық округ әкімі аппараттарының бюджеттік бағдарламалары 5 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

10. 2017 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық округ әкімі аппараттарының бөлінісінде жергілікті басқару органдарына берілетін трансферттер 6 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

11. Осы шешім 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі